

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

○

МЕКТЕПІШІЛІК «ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫНЫҢ» АШЫЛУ САЛТАНАТЫ??????

[толық мәлімет](#)

○

Шымкент қаласы білім басқармасы қосымша білім беру оқу салалық орталығының «Дене тәрбиесі және спортты дамыту» бөлімінің 2023жылғы 18 қыркүйектегі №595 санды хаты негізінде С.Нұрмағамбетов атындағы №72 ЖОББМ-те мектепшілік ұлттық лиганың ашылуы ұйымдастырылды. Ұлттық мектеп лигасы жарыстарының негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, жас ұрпақтың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Ұлттық мектеп лигасы аясында жарыстар спорттың БАСКЕТБОЛ «АЛТЫН ДОП», ВОЛЕЙБОЛ «ШҰБАР ДОП», ГАНДБОЛ «ҰШҚЫР ДОП», ФУТБОЛ «БЫЛҒАРЫ ДОП», ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ, ҮСТЕЛ ТЕННИСІ, АСЫҚ АТУ, БЕС АСЫҚ, ШАХМАТ«АҚБОЗАТ», ФУТЗАЛ «ТЕҢБІЛ ДОП» және ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАЛЫҚ КРОСС түрлерінен кестеге сәйкес жарыстардың жоғары деңгейде өтілу қажеттігін директордың міндетін уақытша атқарушы Жакашева Гүлжан Қамысбекқызы айтып өтті. Ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны шырқалып, «Арнау» би тобының және «Самғау» фан клубының қыздары спорттық би билеп, «Іңкәр» тобы «Мен қазақпын» әнін орындады. Іс-шара соңын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлбақыт Тайжанқызы қорытындылап, мектеп лигасы барысында ең үздік деген спортшы оқушылар анықталып, республика көлемінде мектеп намысын қорғайтын спортшылардың шығуына сәттілік тілеп, ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Дене шынықтыру және АӘТД пәндер бірлестігінің онкүндігі 02.05.23ж

С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде әдістемелік орталықтың қолдауымен 02.05.2023ж күні «Спорт – таусылмас азық, өнер – сарқылмас байлық» тақырыбында дене шынықтыру және АӘТД пәндер бірлестігінің онкүндігі салтанатты түрде ашылуы болды. Мақсаты: Оқушылар арасында Салауатты өмір салтын насихаттау арқылы, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру. Онкүндік барысында өтілетін сабақтан тыс іс шаралары және бірлестіктегі барлық пән мұғалімдер ашық сабақтары 02-15 мамыр аралығында жалғасын табады. Ұйымдастырылатын спорттық іс-шаралар мен әскери-патриоттық сайыстарға, шебер сыныптар мен ашық сабақтарға белсене қатысуға шақырамыз!









